 - 3) кепіл мәні (мүлік және құқықтар) ауыртпалықтардан және үшінші тұлғалардың құқықтарынан босатылған болуы тиіс;
 - 4) құрылыс, техникалық инвентаризация аяқталған және олар уәкілетті мемлекеттік құрылымдарда тіркелді деген талаптар орындалған жағдайда ғимараттар мен құрылыстар кепіл мәні бола алады. Бұған Банкпен қаржыландырылатын және Банктің кепіл мәні болып табылатын, аяқталмаған құрылыс объектілері жатпайды;
 - 5) кепіл ретінде ұсынылатын жылжымайтын мүлік объектілерінің көшесі, ғимарат нөмірі және т.б. көрсетілген нақты заңды мекенжайы (орналасқан орны) боуы тиіс. Егер жоғарыда айтылған сәйкестендіру белгілері көрсетілмеген жағдайда жылжымайтын объектінің кадастрлық нөмірін көрсету қажет. Кадастрлық нөмір уәкілетті мемлекеттік органда тіркелген құрылтай құжаттарында көрсетілуі тиіс.

9. БАСҚА ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ ӨТКІЗУДІҢ ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРЫ

«Траст-Банк» АҚ банктік операцияларын жүргізудің жалпы талаптары туралы ережелер

47. Жоғарыда көсетілген операциялармен қатар Банк лицензияға, Қазақстан Республикасының заңдарына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес шаріғата сай басқа да операцияларды жүзеге асыра алады:
- 1) тазартылған асыл металдарды (алтын, күміс, платина, платина тобына жататын металдар) құймаларда, асыл металдардан жасалған монеталарды сатып алу, кепілге қабылдау, есепке алу, сақтау және сату;
 - 2) меншікті бағалы қағаздар шығару (акцияларды қоспағанда);
 - 3) сейфтік операциялар: сейфтік жәшіктерді, шкафтарды және үй-жайларды жалға беруді қоса, құжаттандырылған нысанда шығарылған бағалы қағаздарды, клиенттердің құжаттары мен құндылықтарын сақтау бойынша қызмет.
48. Банк асыл металдармен келесі операцияларды жүзеге асырады:
- 1) ішкі және/немесе сыртқы нарықтарда тазартылған асыл металдарысатып алу, сату;
 - 2) тазартылған асыл металдарды депозитке қабылдау және орналастыру;
 - 3) ұлттық және/немесе шетел валютасында кредит берген жағдайда тазартылған асыл металдарды кепілге қабылдау.
- Тазартылған асыл металдар бойынша операциялармен байланысты қызметтер Банктің тарифтеріне сәйкес төленеді.
49. Банктің меншікті бағалы қағаздарын шығару ұзақ мерзімді қорландыруды тарту мақсатында жүзеге асырылады және рұқсат берілген бағалы қағаз түрлерін шығару және орналастыру арқылы жүргізіледі, бірақ ұлттықжәне/немесе шетел валютасында шығарылатын, заңнамада көзделген тізбемен ғана шектелмей.
- Бағалы қағаздарды орналастыру тәртібі Уәкілетті органмен белгіленеді, бағалы қағаздарды ұйымдастырылған биржа нарығына орналастырғанжағдайда жеке талаптар сауда ұйымдастырушыларымен белгіленуі мүмкін, Бағалы қағаздарды орналастыру туралы шешім қабылдау, сондай-ақпараметрлері мен талаптарын белгілеу Банктің Директорлар кеңесімен жүзегеасырылады.
50. Сейфте сақтау қызметтері. Банк сейф операциялары бойынша қызметтеркөрсетеді:
- 1) құжаттамалық нысанда шығарылған бағалы қағаздарды сақтау бойыншақызметтер;
 - 2) клиенттердің құжаттары мен құндылықтарын сақтау бойынша қызметтер;
 - 3) сейф жәшіктерін, шкафтарды жалға тапсыру.
- Сақтауға құндылықтар он алты жасқа толған тұлғалардан қабылданады.Банк сақтауға қабылдамайды:
- 1) атыс қаруы, газды және суық қару;
 - 2) жарылғыш және қатты иісті заттар;
 - 3) наркотикалық және психотроптық заттар.

Жеке дара сейфтер (ұяшықтар) заңды және жеке тұлғаларға жалға тапсырылады. Операциялар жүргізу талаптары: операция түрі, сақтау немесе жалдау ұзақтылығы, сыйақы мөлшері клиент пен Банк арасындағы жеке дара сейфті жалға алу шартында көзделеді. Шартта жоғарыда аталған заттарды сақтауға тыйым салынғаны туралы міндетті түрде көрсетіледі. Шарттың талаптарын орындау клиентке жүктеледі.

Сейфті жалға алу және пайдалану талаптары Банктің ішкі ережелерінде айтылады. Банк сейфтік операцияларды Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, жеке дара сейфтер бойынша операциялар жүргізу тәртібін реттейтін Банктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес орындайды.

10. БАНКТІК ҚЫЗМЕТТЕР ҰСЫНУ ТУРАЛЫ ШЕШІМДЕРҚАБЫЛДАУДЫҢ ШЕКТІ МЕРЗІМДЕРІ

51. Банктік қызметтер ұсыну туралы шешімдер Банкпен келесі мерзімдерде қабылданады:

№ р/с	Банктік қызметтің атауы	Шешім қабылдаудың шекті мерзімі*
1.	Заңды тұлғалардың банктік шоттарын ашу және жүргізу	2 жұмыс күні
2.	Жеке тұлғалардың банктік шоттарын ашу және жүргізу	1 жұмыс күні
3.	Банк-респонденттерге корреспонденттік шоттар ашу және жүргізу	шотты ашуға өтініш қабылдағанға дейінгі 2 жұмыс күні
3.1	Банк-респонденттердің корреспонденттік шоттарын жабу	3 жұмыс күні
4.	Кассалық операциялар: қолма-қол ақша қабылдау және беру	1 жұмыс күні
5.	Шетел валютасымен жасалатын айырбастау операциялары	1 жұмыс күні
6.	Аударым операциялары	1 жұмыс күні
7.	Бизнес-клиенттерді қаржыландыру (толық құжаттар пакетін ұсынғаннан кейін)	10 жұмыс күні
8.	Бөлшек қаржыландыру (толық құжаттар пакетін ұсынғаннан кейін)	10 жұмыс күні
9.	Жеке кәсіпкерлікті қаржыландыру (толық құжаттар пакетін ұсынғаннан кейін)	10 жұмыс күні
10.	Лизинг	10 жұмыс күні
11.	Депозиттер	
12.	Заңды тұлғалардан депозиттер қабылдау	2 жұмыс күні
12.1	Жеке тұлғалардан депозиттер қабылдау	1 жұмыс күні
12.2	Аккредитивтер	
13.	Өтем жасалған аккредитив ашу (клиенттің қаражаттарының есебінен)	3 жұмыс күні
13.1	Өтем жасалмаған аккредитив ашу (кредиттік желі есебінен)	Банктің уәкілетті органымен тиісті оң шешім қабылданғаннан кейінгі 3 жұмыс күні

«Траст-Банк» АҚ банктік операцияларын жүргізудің жалпы талаптары туралы ережелер

13.2	Шетелдік банктің растауымен және/немесе шетелдік банктің кейінгі қаржыландыруымен аккредитив ашу	3 жұмыс күні
13.3	Экспорттық аккредитивті авизолау	3 жұмыс күні
13.4	Инкассоны авизолау	7 жұмыс күні
13.5	Кепілдіктер (тендерлік және төлемдік)	
14.	Ақшалай қамтамасыз етумен кепілдік беру	10 жұмыс күні
14.1	Өзге қамтамасыз етумен кепілдік беру	толық құжаттар пакеті болған жағдайда 10 жұмыс күні
14.2	Қамтамасыз етусіз кепілдік беру	10 жұмыс күні
14.3	Кепілдік талаптарын өзгерту (сомаларын немесе мерзімін)	Тиісті кепілдік беру мерзімдеріне барабар
14.4	Кепілдікті авизолау	3 жұмыс күні
14.5	«Интернет-Клинет» жүйесінің жүйеден кейінгі істен шығуын орнату, қайта инсталляциялау және қалпына келтіру	2 жұмыс күні

*- Банкпен шешім қабылдау мерзімдері клиент ҚР нормативтік құқықтық актілерімен және қандай да бір банктік қызмет көрсету үшін Банктің ішкі құжаттарымен көзделген толық құжаттар тізімін берген күннен бастап есептеледі.

11. БАНКТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕРІ МЕН ТАРИФТЕРІ

52. Банктің банктік операциялар жүргізудің мөлшерлемелері мен тарифтерінің шекті шамалары осы Ереженің 1 қосымшасында берілген.
53. Банк операциялары бойынша базалық ставкалар мен тарифтерді (банктік операциялар бойынша ставкалар мен тарифтер шегінде) Банк Басқармасы немесе Банк активтері мен пассивтерін басқару комитеті немесе Банк Басқармасы жанынан осыған уәкілеттік берілген басқа тиісті алқалық орган бекітеді. Банк қолданыстағы тарифтер мен тарифтерге бекітілген құжаттармен тарифтер, ішкі құжаттардың нөмірлері және оларды бекіткен (қабылдаған) органның күндері туралы ақпаратты көрсете отырып, көрсетілетін қызметтердің қолданыстағы базалық ставкалары мен тарифтері туралы заманауи ақпарат банктің барлық филиалдарының үй-жайларында көруге, танысуға қол жетімді жерлерде және оның Интернет-сайтында орналастырылған.
54. Банк кейбір клиенттер / клиенттер тобы және / немесе клиенттер сегменті үшін банктік операцияларды жүргізуге жеке тарифтер мен тарифтерді (банк операцияларын жүргізуге арналған шекті мөлшерлемелер мен тарифтер шегінде) белгілеуге құқылы.
Банк операцияларын жүргізуге арналған жеке ставкалары мен тарифтерін Банк Басқармасы немесе Банк Басқармасы жанындағы тиісті уәкілетті алқалық органдар бекітеді.

«Траст-Банк» АҚ банктік операцияларын жүргізудің жалпы талаптары туралы ережелер

55. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында басқасына жол берілмесе, Банк біржақты тәртіппен Банк ұсынатын қызметтерге арналған несие шартын немесе төлем қызметтерін ұсынуға арналған шарт жасалған күні белгіленген тарифтер мен тарифтерді жоғарылатып өзгертпейді, халықаралық төлемдерді және (немесе) ақша аударымдары жүзеге асырған кезде Банк алатын тарифтерді қоспағанда.
56. Қаржылық операцияларды жүзеге асырумен және Банк пен Клиент арасындағы өзара қарым-қатынас жасаумен байланысты Банктің барлық пошталық, телекс, телефон және басқа шығындары, егер өзгесі тарифтермен анықталмаған болса, олардың нақты құнының көлемінде қосымша өндіріп алынады. Шетел валютасында банктік операцияларды жүзеге асыруға клиенттердің тапсырыстарын орындаған үшін басқа банктерге (банк-корреспонденттерге) қатысты Банктің шығындары егер Банктің тарифтерімен өзгеше көзделмесе, осындай шығындардың нақты құны бойынша өтеледі.
57. Клиенттің тапсырыстарын орындаған үшін Банктің қызметтерінің құны тарифтермен белгіленбеген болса немесе клиенттің тапсырысы Банктен әдеттегіден тыс міндеттеме қабылдауды немесе стандартты үрдістермен көзделмеген қосымша жұмысты жүзеге асыруды талап етсе, Банк клиенттің тапсырыстарын орындау құнының негізінде тариф мөлшерін айқындайды.
- 57-1. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Банктен ұсынылатын қызметтердің көпшілігі қаржылық қызметтер ретінде қосымша құнға салынатын салықтан (ҚҚС) босатылады.

12. БАНКТІК ҚЫЗМЕТТЕР ҰСЫНУ ҮРДІСІНДЕ ТУЫНДАЙТЫН КЛИЕНТТЕРДІҢ ӨТІНІШТЕРІН ҚАРАУ ТӘРТІБІ

58. Банкке немесе оның жеке қызметкерлеріне қатысты қандай да бір сұрақтар және/немесе ұсыныстар туындаған кезде, сондай-ақ Банктің Ережелеріне енгізілмеген операциялардың талаптары мен мерзімдері, қызметі туралы қосымша ақпарат алу үшін клиенттер Банкке (филиал/өкілдік) немесе Банктің клиенттерге қызмет көрсету жөніндегі қызметкерлеріне немесе клиенттермен байланыс жөніндегі менеджерлеріне жүгіне алады:

Корпоративтік сайт	www.zamanbank.kz
Email:	info@zamanbank.kz
Бас Банктің заңды мекен-жайы	010017, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан, Дінмұхамед Қонаев к-сі, 14/3 +7 (7172) 26 20 26
Қазақстандағы филиалдары мен бөлімшелерінің телефоны мен мекен-жайлары	141200, Қазақстан Республикасы, Екібастұз, Мәшһүр Жүсіп к-сі, 111а, +7 (7187) 280000 050000, Қазақстан Республикасы, Алматы, Достық даңғылы, 282 Тел: +7 (727) 3 556 575 010017, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан, Дінмұхамед Қонаев к-сі, 14/3 +7 (7172) 26 20 26 160000, Қазақстан Республикасы, Шымкент, Желтоқсан к-сі, 57 ғимарат Тел.: +7(7252) 60 06 01

«Траст-Банк» АҚ банктік операцияларын жүргізудің жалпы талаптары туралы ережелер

59. Банкке немесе оның жеке қызметкерлеріне шағымдар және/немесе наразылықтар болған жағдайда клиенттер келесі байланыстар бойынша: info@zamanbank.kz шағымдарды қарайтын Комплаенс офицерге тікелей немесе Банк (филиал/бөлімше) арқылы жүгіне алады.
60. Банк клиенттердің келесі сұрау салуларын қарайды:
 - 1) курьер, күнделікті пошта, электронды пошта және Банктің Интернет сайтынан алынған жазбаша өтініштерді;
 - 2) телефон бойынша және клиент Банкке келген кезде алынған ауызша өтініштері.
61. Банктің уәкілетті тұлғалары Басқарма Төрайымымен, филиал Директорымен (филиалда) келісілген қабылдау кестесіне сәйкес кем дегенде айында бір рет клиенттерді бас офисте және филиалдарда жеке қабылдаумен айналысады. Жұмыс орнында қабылдау клиентке хабарланған және белгіленген күндермен сағаттар бойынша айқындалған. Егер өтініш Банктің уәкілетті тұлғасымен қабылдау уақытында шешілмесе, клиентке жазбаша нысанда өтініш жазу мүмкіндігі беріледі және бұдан арғы жұмыс жазбаша өтінішпен жүргізілетін болады.
62. Клиенттердің жазбаша өтініштері Банктің ішкі құжаттарына сәйкес жазбаша өтініштер тіркеліміне тіркеледі.
63. Клиент жазбаша өтінішінің қабылданғанын растайтын құжат алады немесе өтініштің көшірмесінде тиісті жазба қойылады. Жазбаша өтінішті қабылдаудан бас тартуға рұқсат берілмейді.
64. Банктің веб сайты арқылы алынған өтініштер Банктің ішкі құжаттарымен шартталған әдіс бойынша тіркеледі.
65. Клиенттерден телефон бойынша алынған өтініштер жазылады. Телефонмен жүргізілген әңгіме бұл жөнінде алдын ала хабардар еткеннен кейін клиенттің келісімімен жүзеге асырылады.
66. Банкте алынған ауызша өтініштер (телефон бойынша немесе клиент Банктің офисіне келгенде) дереу қаралуы тиіс және егер мүмкіндік болса клиенттің ауызша сұрау салуына жауап сол жерде берілуі тиіс.
67. Жазбаша нысандағы өтініштер Банкпен келесі тәртіпте қаралады:
 - 1) клиенттердің басқа тұлғалардан, объектілерден, офистерден ақпарат алуды немесе сол орында тексеруді талап етпейтін өтініштері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Банк өтінішті алған күннен бастап он бес күн ішінде қаралады;
 - 2) клиенттердің басқа тұлғалардан, объектілерден, офистерден ақпарат алуды немесе сол орында тексеруді талап ететін өтініштері қаралады және Банк өтінішті алған күннен бастап отызыншы күні шешім қабылданады.
68. Өтінішті қарау кезінде ақпарат жеткіліксіз болған жағдайларда Банк қосымша ақпарат, сондай-ақ клиенттен ақпарат сұратуы мүмкін және өтінішті қарау кезеңі Банкке барлық қажетті құжаттар мен ақпаратты бергенге дейін ұзартылуы тиіс.
69. Банк жеке және заңды тұлғалардың өтініштерінің әділ, жан-жақты және уақтылы қарастырылуын қамтамасыз етеді, олардың өтініштерін қараудың нәтижелері мен қабылданған шаралар туралы клиенттерді хабарландырады. Клиентке өтінішті қарау қорытындысы туралы жазбаша жауабы мемлекеттік тілде немесе өтініш жасалған тілде беріледі және онда клиент жазған әрбір өтінішіне, талабына, ұсынымына және өзге де сұрағына қабылданған шешім бойынша шағым жасау құқықтарын түсіндіре отырып, Қазақстан Республикасы заңнамасының, банктің ішкі құжаттарының, қаралатын мәселеге қатысы бар шарттардың тиісті талаптарына, сондай-ақ қаралатын мәселенің іс жүзіндегі жағдайларына сілтеме жасалған негізделген және уәжделген дәлелдері қамтылады.

«Траст-Банк» АҚ банктік операцияларын жүргізудің жалпы талаптары туралы ережелер

70. Клиенттің өтініші мәнді және заңды болған жағдайда банк жөнсіздікті жою және клиенттің құқықтарын және заңды мүдделерін қалпына келтіру туралы шешім қабылдайды.
71. Жазбаша өтініштің жауабына Банктің уәкілетті тұлғасы қол қоюы тиіс.
72. Почта немесе курьер арқылы келіп түскен жазбаша өтінішке жауапты клиентке табыс ету клиенттің өтінішінде көрсетілген мекенжай бойынша почта арқылы тапсырылғаны туралы хабардар етумен тапсырыс-хатпен, немесе клиент банкке келген кезде қолын қойғызып, өзінің қолына табыс ету арқылы жүзеге асырылады, ол туралы жазбаша өтініштер тіркеліміне белгі қойылады.
73. Өтініштерге сәйкес өтеулерді талдау мен бақылау функциялары Банктің ішкі құжаттамасына сай айқындалған Банктің бөлімшесімен жүзеге асырылады, оған:
 - 1) заңды өтініштер жасауға әкелген себептерді айқындау және жою үшін Банк клиенттерінің өтініштерін талдау және жинақтау;
 - 2) банктің клиенттерінің өтініштерімен жүргізілетін жұмысты ұйымдастыруды жақсарту үшін Банк туралы оң пікірлерді дамыту;
 - 3) аталмыш қаржы қызметтерін тұтынушылардың барлығына қатыстыанықталған бұзушылықтарды жою бойынша қажетті шаралар ұсыну және Банкте мұндай бұзушылықтардың алдын алу және үшінпрофилактикалық шаралар енгізу.

13. БАНКТИҢ ЖӘНЕ ОНЫҢ КЛИЕНТТЕРІНИҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ, ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

74. Банк және оның клиенттері Қазақстан Республикасының заңдарына, Шариғат қағидаттарына және Банк пен клиент арасында жасалған шарттарға сәйкес құқықтарға ие болады, жауапкершілік пен міндеттерді атқарады.
75. Егер шартта және Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, Банк пен клиент қол қойған шарттар тек қана тараптардың келісуімен өзгертіліп, түзетіледі.
76. Банк пен клиенттер шарттардың талаптарына бағынуға, шартқа сәйкес тағайындалған міндеттемелерді орындауға міндетті. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамағаны үшін Банк пен клиенттер ҚР заңнамасы және тиісті шарттар бойынша жауапкершілікте болады.
77. Банк өз депозиторларының депозиттерін, клиенттері мен корреспонденттерінің ағымдағы шоттарын, транзакцияларын, сондай-ақ сейфтерде, қоймаларда және банктік бөлмелерде сақталатын мүліктерін құпияда ұстауға кепілдік береді. Қазақстан Республикасының заңнамасында, сондай-ақ клиенттермен қол қойылған банктік шот шартының талаптарында және жеке шарттарда көзделген жағдайларда уәкілетті тұлғаларға банктік құпияны ашуды қоспағанда, ресми тұлғалар, Банктің қызметкерлері және басқа тұлғалар өз міндеттемелері бойынша ҚР заңнамасы және Шариғат ережелері мен қағидаттары бойынша жауапкершілікте болады.
78. Банк қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңның талаптарына жауап береді және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес клиенттермен жүзеге асырылатын операцияларға белгілі бірталаптар қоюы, тыйым салуы және шектеулер қоюы мүмкін.
79. Клиенттің шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүргізген кезде Банк валюталық бақылау агенті ретінде заңнамаға сәйкес бақылау жүргізеді. Операциялар

«Траст-Банк» АҚ банктік операцияларын жүргізудің жалпы талаптары туралы ережелер

жүргізген кезде клиенттер валюталық операцияға жататын құжаттарды Банкке беруі тиіс. Клиент қолданыстағы заңнаманы бұзған жағдайда Банк валюталық бақылау органдарын хабардар етеді.

80. Осы Ережелердің басқа қағидаларын ескере отырып, Банк пен клиент келесі талаптарға сәйкес тараптардың жауапкершілігі мен олардың міндеттемелерін орындайды:
 - 1) осы Ережелерге және банктік тәжірибеге сәйкес Банк өзінің міндеттемелерін адал және сақтықпен орындайды және өз таңдауына қарай байланыстың, төлем жүйесі мен есептеудің кез келген типтерін, делдалдық банктерді немесе басқа ұйымдарды (олардың әрқайсысы бұдан әрі «Жүйе» ретінде көрсетілген) пайдалануға құқылы;
 - 2) Клиент пен Банк кез келген жанама, кездейсоқ зиян немесе шығындар үшін (алынбай қалған пайданы қоса) жауапты болмауы тиіс.
81. Банкпен ашылған немесе шығарылған шоттарға, аккредитивтерге немесе растауларға жататын Банктің кез келген міндеттемелері шот жүргізілетін немесе аккредитив ашылған немесе растау шығарылған аумақтағы немесе мемлекеттің аумағындағы құқықпен (Шариғат қағидаттары мен ережелеріне қайшы келмейтін дәрежедегі мемлекеттік актілерді, бұйрықтарды, директивтерді және осы Ережелерді қоса) реттеледі және төлем жасаудың жалғыз орны болып табылаты, шот жүргізілетін немесе аккредитив ашылған немесе растау шығарылған жердегі Банктің қатысуымен ғана мүмкін. Банк шот, аккредитив немесе растау бойынша төлемді тек шот, аккредитив жүргізілетін немесе растау көрсетілген валютада ғана төлеуге міндетті.
82. Егер мұндай міндеттемелердің орындалуын қандай да бір заң, кез келген мемлекеттің реттеуі немесе басқа талаптары немесе басқа уәкілетті органдар бұзса, Клиент пен Банк кез келген қызметке қатысты міндеттемелерді бұзған үшін жауапты болмайды немесе егер міндеттемелерді орындау мүмкін емес, ауыр, форс-мажорлық жағаяттарға байланысты кейінге қалдырылса: бұл жағдайда міндеттемелерді орындау осындай жағдаяттар кезеңінде уақытша тоқтатылуы тиіс. «Форс-мажор» қаражаттарды аударуға, ұйғарымдарға, конфискацияға шектеу қоюды, кез келген келісімге келу мүмкіндігінің жоқтығын, қасақаналықты, өрттерді, су тасқындарын, жарылыстарды, табиғи апаттарды, көтерілістерді, ереуілдерді немесе жұмыс орнындағы басқадай наразылық акцияларын, бүліктерді, соғысты, мемлекет тарапынан іс-қимылдарды қоса, тараптың бақылауынан тыс жағдаяттардың себебінен болған кез келген жағдайды білдіреді.
83. Егер мұндай төлемді немесе аударымды Банктің бақылауынан тыс қалыптасқан жағдаяттарға байланысты жасау мүмкін емес болса, соның ішінде, бірақ онымен шектелмей, қателіктерді, сәтсіздіктерді, аударым жасауды кейінге шегеруді немесе ереуілдердің себебінен аударым операциясын бұзуды, қуат көзін ағытуды немесе құрал-жабдықтың қателіктерін қоса, корреспондент банктің немесе клирингтік орталықтың кесірінен Банктің тиісті корреспонденттік шоты қандай да бір басқа жүйеде ашылған болса, Банк төлемдер мен аударымдар бойынша міндеттемелердің бұзылғаны үшін жауапты емес.
84. Банк кредиттелген қаражаттарды клиенттің кез келген шотына есептеуге құқылы.
85. Барлық банктік транзакциялар және ұсынылатын қызметтер Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін қоса, Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарымен, Исламдық Шариғат қағидаттарымен және ережелерімен бекітілген

«Траст-Банк» АҚ банктік операцияларын жүргізудің жалпы талаптары туралы ережелер заңдармен және ережелермен реттеледі, сондай-ақ осы Ережелер де сол заңдармен және ережелермен реттеледі. Банк валюталық бақылау агенті ретінде бірінші талап етуі бойынша клиенттен белгілі бір құжаттарды және/немесе жазбаша түрде түсініктемелер беруді талап етуі мүмкін.

86. Клиент Банкпен талап етлуі мүмкін жазбаша түрдегі түсініктемелерді және/немесе растайтын құжаттарды бермегенінше операцияны жүргізу Банктің пікірі бойынша заңнаманы бұзуға әкелуі мүмкін деп шешілсе, Банк кез келген операцияны болдырмауға немесе тоқтатуға құқылы.
87. Клиент заңдарды, Исламдық қаржыландыру қағидаттары жөніндегі кеңестің түсіндірмесі бойынша Исламдық Шариғат нормалары мен қағидаттарды бұзған, банкрот болған, қылмыстық қудалауға ұшыраған немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылған, Клиентке және/немесе контр серіктесіне, бенифициар банкіне қатысты банктің бас офисімен және/немесе шетел/халықаралық/ұлттық ұйымдармен (оның ішінде FATF, OFAC, ООН және т.б.) қандай да бір санкциялар немесе шектеулер қойылған болса, егер Банктің пікірі бойынша Банк үшін теріс ықпал етуі мүмкін және/немесе Клиенттің қылмыстық қудалауға ұшырауына әкелуі мүмкін қандай да бір өзге қызметті жүзеге асырды деген және/немесе террорлық қызметке және/немесе кірістерді заңдастыру (жылыстату) бойынша қызметке қатысы бар деген күдіктер бар болса Банк кез келген уақытта бір жақты тәртіпте қызмет көрсетуден бас тартуға, банктік шоттарды жабуға құқылы. Осындай жағдайлар болған сәтте Клиенттің Банк алдындағы барлық міндеттемелері дереу орындалуға жатады. Бұл ретте Клиенттің төлемдік нұсқауларының мерзімі өткені немесе тоқтатылғаны үшін Клиентке келтірілген шығындар үшін Банк ешқандай жауапкершілікті көтермейді.

14. КЛИЕНТТЕРМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

88. Банктің қызметтерін алу үшін клиент Банкке жүгінген кезде Банк клиенттің талап етуі бойынша танысу үшін осы Ережелерді ұсынады.
89. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктің ішкі үрдістеріне сәйкес клиент толық құжаттар пакетін берген жағдайда өтініш толтыру қажет болса, банктік қызметтердің әрбір түрі үшін банктік қызмет ұсыну туралы шешім қабылдау және өтініштерді қарау үшін Банк келесі уақыт шектерін белгілейді:
- 1) ағымдағы шотты ашу – Банк барлық қажетті құжаттарды алғаннан кейін 1 жұмыс күні ішінде шешім қабылдайды;
 - 2) Банктің клиентімен депозит ашу - Банк барлық қажетті құжаттарды алғаннан кейін 1 жұмыс күні ішінде шешім қабылдайды;
 - 3) Банктің клиенттеріне кепілдіктер/аккредитивтер беру – клиент барлық қажетті құжаттарды берген күннен бастап Банк шешімді 6 айға дейінгі мерзімде қабылдайды;
 - 4) сұрау салынған қызметтің мән-жайына және Банктің уәкілетті органдарынан құптау алу уақытына байланысты Банк басқа банктік қызметтерге сәйкес заңды тұлғалар үшін 2 жұмаға дейінгі мерзімде, жеке тұлғалар үшін 1 жұмаға дейінгі мерзімде шешім қабылдайды.
90. Банк осы Ережелердің 80 тармағымен белгіленген банктік қызметтерге қарағанда, банктік қызметтер ұсыну туралы шешім қабылдау және өтініштер қарау үшін неғұрлым ұзақ мерзімдер белгілеуі мүмкін, келесі жағдайларда:
- 1) Банкке клиенттен алынған құжаттар мен ақпараттарға қосымша тексеріс өткізу, ақпаратты растау немесе үшінші тараптың немесе басқа ресми өкілдер мен мүдделі

«Траст-Банк» АҚ банктік операцияларын жүргізудің жалпы талаптары туралы ережелер тараптардың мақұлдауы қажет болған жағдайда;

- 2) ұсынылатын құжаттарды қарау, ішкі координация және банктің құзыретті басқарушыларымен бекіту үшін көбірек уақытты талап ететін стандартты емес банктік қызметтер ұсынуға клиентпен сұрау салынғанда;
 - 3) жоғарыда аталған кез келген жағдайларда қажетті алдыңғы құжаттарды дайындау.
91. Банк банктік қызметтер ұсынған кезде:
- 1) банктік қызметтер беру туралы шартқа қол қойғанға дейін клиентке ұсынады:
 - Банкпен өтінішті қарауға жұмсалатын тарифтер, уақыт туралы ақпаратты (өтініш қажет деген жағдайда);
 - банктік қызметтер ұсыну туралы Банкпен шарт жасасу үшін қажетті құжаттар тізімі мен банктік қызметтер ұсыну туралы ақпаратты;
 - банктік қызметтер ұсыну туралы шартқа сәйкес міндеттемелерді бұзған жағдайда клиент үшін ықтимал тәуекел және жауапкершілік туралы ақпаратты;
 - клиентте туындайтын мәселелер бойынша консультациялар;
 - 2) клиенттің сұрау салуы бойынша – банктік қызметтер ұсыну туралы негізгі шарттың стандартты нысанының көшірмесін.
 - 3) төмендегі ережелерге сәйкес банктік қызметтер ұсынуға клиенттің өтінішін қарауы тиіс (өтініш қажет деген жағдайда);
 - 4) банктік қызметтер ұсыну туралы шартқа қол қоймас бұрын Банк клиентке шарттың қажетті қосымшаларымен танысу үшін уақыт береді;
 - 5) банктік қызметтерді алған кезде келіспеушіліктер туындаған жағдайда шағымдарды қарау бойынша (борышкер-жеке тұлғаға ұсынылған ипотекалық қаржыландыру бойынша) банктік омбудсменге, уәкілетті органға немесе сотқа жүгінуге клиенттің құқықтары туралы хабардар ету. Бұндай мақсаттар үшін клиентке Банктің, банктік омбудсменнің және уәкілетті органның орналасқан жері, пошта мекен-жайы мен электрондық пошта мекен-жайы туралы ақпарат беріледі.
 - 6) сұрау салуға сәйкес клиентке Банктің қаржылық есептілік және басқа ақпарат көздері туралы хабардар етеді;
 - 7) клиенттің ақпаратының құпиялығын қамтамасыз етеді;
 - 8) банктік қызметтер көрсету туралы шартты жасасқаннан кейін клиент Банктен барлық сұрақтар бойынша консультация алады, клиенттің талаптарын қарайды.

15. БАСҚА ЕРЕЖЕЛЕР

92. Ақпаратты жариялау:
- 1) Клиент Банктің кез келген мақсапен (алаяқтықтың алдын алуды, аудит өткізуді немесе берешекті өндіріп алуды қоса немесе егер уәкілетті мемлекеттік немесе реттеуші органға қажет болғанда) клиентке және/немесе клиенттің Банкпен немесе оның филиалдарымен және бөлімшелерімен жасалатын транзакцияларына және/немесе шоттарына қатысты ақпараттар мен мәлімттерді ашуына қайтарып алынбайтын келісімін береді.
 - 2) Клиент Банктің Шариғат ережелері мен қағидаттарына қайшы келмейтін дәрежеде клиентке ұсынылатын қызметтердің кез келген бөлігін үшінші тұлғаларға тапсыруы мүмкін екендігіне қайтарып алынбайтын келісімін береді. Банк немқұрайлылық нәтижесінде клиентке келтірілген залалдар мен шығындарды қалпына келтіру үшін клиенттің алдында жауапты болып қалады.
 - 3) Клиент қаза болған жағдайда барлық қаржыландыру (егер бар болса) бірден төленуге

«Траст-Банк» АҚ банктік операцияларын жүргізудің жалпы талаптары туралы ережелер

жатады, шоттар бойынша ақша қозғалысы тоқтатылып, құзыретті органнан Банк ресми бұйрық алғанға дейін қаза болған клиенттің атына ешқандай төлемдер жасалмауы тиіс және Банк клиенттің қаза болғаны туралы хабар алған күннен бастап жауапты болады.

- 4) Банк кәмелетке толмағандарға олардың ата-аналарымен немесе заңды өкілдерімен ашылатын Шоттарды аша алады. Кәмелетке толмағандар Шотты толтыруға және олар үшін ашылған салымдарға иелік етуге құқылы болуы тиіс. Кәмелетке толмағандар үшін олар толық он төрт жасқа толған кезден бастап шот ашуға болады, үшінші тұлғалармен ашылған шот олардың ата-анасымен немесе заңды өкілдерімен басқарылуы тиіс. 14 жастағы кәмелетке толмаған тұлғалар өз шотына өздері иелік етуге құқылы.
93. Шотты жабу. Банк Клиенттің банктік шотын өз қалауы бойынша, клиентті хабардар етпей кез келген уақытта жабуға және себептерін түсіндірусіз дереу есеп айырысуды талап етуге құқылы.
94. Активті емес шоттар. Банктің саясатына сәйкес егер шот бойынша алты немесе одан да көп ай ішінде қаржылық операциялар жүргізілмесе, шот активті емес болып танылады. Банк активті емес шотты бір жыл ішінде жабуға құқылы, бұл жағдайда Банк шотты жапқанға дейін кем дегенде үш ай бұрын Клиентке шотты жабу туралы хабар беруі тиіс. Аталмыш хабарлама Банкке белгілі Клиенттің соңғы мекен-жайына пошта бойынша жолдануы тиіс, хабарлама бес күн ішінде жеткізілген болып есептеледі. Банк шотты жапқаннан кейін Банкпен есептелген барлық комиссияларды, алымдарды есептен шығара отырып, қалдық сомаларын нотариустың шотына есептен шығару жолымен барлық міндеттемелерден босатылады. Шотта теріс қалдық қалған жағдайда, Клиент тиісті хабарлама алғаннан кейін дереу Банкке қажетті соманы төлеуі тиіс.
95. Поштаны кешіктіру. Клиенттің өтініші бойынша шотқа қызмет көрсетілетін барлық корреспонденцияны, сондай-ақ Клиенттің мекен-жайына жіберілген барлық хабарламаларды Банк өз қалауы бойынша сақтай алады. Клиент поштаны алмас бұрын, Банк поштаны Клиентпен сұратылған арнайы бөлімшеде сақтауы тиіс. Егер сақталатын пошта 3 (үш) айдан астамжиналмаған болса, Банк өз қалауы бойынша поштаны Клиент көрсеткен мекен-жайға жіберуге құқылы. Егер Клиент поштаны жіберу мекен-жайын Банкке бермесе, онда Банк 3 (үш) ай ішінде талап етілмеген барлық корреспонденцияны жоюға құқылы. Клиент оның корреспонденциясын Банктің сақтауы туралы өзінің нұсқауларын кез келген уақытта өзгерте алады, бұл үшін ол тиісті хабарлама жасап, поштаны жіберетін мекен-жайды Банкке береді.
96. Банк корреспонденцияны сақтаған кезде:
 - 1) Клиент өзінің поштасын сақтауға берілген нұсқауларына қарамастан Банк бұны қажет деп есепеген жағдайда поштаны Клиентке жіберуі мүмкін;
 - 2) Банк белгілі бір поштаның түріне қатысты қабылдау қажет деген шараларды қабылдауға құқылы;
 - 3) сақтау үшін тиісті филиалға жеткізгеннен кейін барлық пошта дереу клиентпен алынған болып есептеледі;
- 4) егер клиент үзінді-көшірмеде көрсетілген белгілі бір уақыт аралығында немесе үзінді-көшірме берілген күннен бастап 15 (он бес) күн өткеннен кейін қателер туралы Банкке хабарламаса, Банкпен жасалған барлық үзінді-көшірмелер дұрыс болып есептеледі;
- 5) поштаны сақтау бойынша не кешіктіру немесе Банктің әрекетсіздігі үшін Клиент міндеттемелерді өзіне қабылдау себебіне байланысты Клиенттің қандай да бір

- «Траст-Банк» АҚ банктік операцияларын жүргізудің жалпы талаптары туралы ережелер шығындар мен залалдары үшін Банк жауап бермейді;
- 6) Банктің поштаны сақтау бойынша міндеттемелерді орындауы нәтижесінде туындаған ықтимал шығындар мен залалдардан Банкті қоғау үшін Клиент барлық қажетті шараларды қабылдайды және Банктің шығындарын өтейді.
 97. Банк клиентті 30 (отыз) күн бұрын жазбаша хабарландырып, қызмет көрсетуді тоқтатуы/уақытша тоқтатуы мүмкін.
 98. Зекет. Клиент қаражатына байланысты Зекет төлеуге міндетті. Банк Клиентке жүктелген Зекетті есептеу және оны клиенттің атынан төлеу үшін клиенттің агенті бола алады.
 99. Талап ету құқығынан бас тарту. Клиентке тиісті хабарлама жібергеннен кейін, Банк өзінің қалауы бойынша осы талаптар мен ережелерден бас тарта алады, бірақ мұндай бас тарту тиісті уақытта оның осы талаптар мен ережелерді мәжбүрлі түрде орындауға құқығын қоса, Банктің құқықтарына қандай да бір залалын тигізбейтін болуы қажет.
 100. Клиентке арналған ақпарат:
 - 1) Банктік кітап, жазбахаттар және шоттар түпкілікті және міндетті болып табылады. Банкпен ұсынылған шотқа қатысты барлық анықтамалар, үзінді көшірмелер немесе басып шығарылған құжаттар сот процестері болған жағдайда немесе басқа жағдайларда клиент үшін түпкілікті және дәлелді құжат болуы қажет;
 - 2) Клиент Банктен (Банкке) түскен кез келген қоңырау Клиент пен Банктің мүдделерін қорғау мақсатында жазылуы мүмкін екендігін түсінеді және осы фактпен келіседі.
 101. Банктік құпиядан бас тарту. Осымен Клиент Банк, оның лауазымды тұлғалары, қызметкерлері, акционерлері, агенттері Клиент туралы немесе Қазақстан Республикасының банктік заңдарына сәйкес банктік құпияны құрайтын, Клиентпен байланысты (Шот туралы кез келген ақпаратты қоса) ақпаратты түгелдей немесе бір бөлігін жария етуге құқылы екендігімен келіседі:
 - 1) Банктің аудиторларына, заңды немесе басқа консультанттарға.
 - 2) Осындай үшінші тарапқа осы келісім бойынша Банктің міндеттемелерін тапсыру немесе беру (тапсыру немесе беру ұсынысын қоса).
 - 3) Клиенттің кез келген немесе барлық шоттарынан Банкпен немесе Банктің пайдасына есептен шығаруға қатысты кез келген банктік немесе банктік емес ұйымдарға.
 - 4) Банк пен оның акционерлері қолданылатын ережелер мен заңдарды сақтауы мақсатында Банк пен оның акционерлерін бақылауға және реттеуге құқығы бар шет мемлекеттің кез келген үкімет органдарына.
 102. Клиент Банкпен жасасқан шартқа сәйкес банктік құпиядан бас тартуға келісімін ол Банкке келген уақытта бергенін растайды.
 103. Клиент банктік шот ашқаны туралы шартқа қол қойғаннан кейін Банктің тапсырыс беруші туралы ақпараттар мен жазбаларды магнитты тасымалдағыштарда электронды түрде сақтауға, беруге және өңдеуге (оның ішінде Қазақстан

Республикасы шекарасынан тыс деректер базасында өңдеуге) құқылы екендігімен және оның файлдарынан үзінді-көшірме ретінде Банкпен ұсынылуы мүмкін хабарламалар, факсимиле телекестері, магниттік тасымалдағыштар, ленталар, компьютерден басып шығарылған құжаттар мен фотокөшірмелер оның мазмұнының шынайы дәлелі болып табылатындығымен келіседі.

104. Банк үшінші тараптардың қызметтерін пайдаланатындығымен және кез келген осындай тарап Банктік шот туралы шартқа қол қойған кезде алынған, клиентке және оның шотына қатысты ақпаратқа, Банктің кітаптары мен жазбаларына қол жеткізе

«Траст-Банк» АҚ банктік операцияларын жүргізудің жалпы талаптары туралы ережелер алатындығымен келіседі.

105. Бұдан басқа банктік шот туралы шартқа қол қоя отырып, клиент Банк, оның лауазымды тұлғалары, қызметкерлері немесе агенттері сұрататын ақпаратты сөзсіз ұсынуға келіседі және клиент пен оның банктік шотына қатысты кез келген ақпаратты беруге міндеттенеді (Банктегі шоттары мен салымдарына аударылған қаражаттары, шоттардың күйі туралы, тарихын және клиентпен байланысты кез келген ақпаратты қоса):
- 1) Банктің бас офисіне, оның кез келген өкілдіктеріне, еншілес кәсіпорындарына, филиалдары мен басқа бөлімшелеріне;
 - 2) Банктің қажетті құпиялық талаптарын сақтаумен ҚР шегінде, сондай-ақ одан тысқары жерлерге де таралуы мүмкін белгілі бір функцияларды Банк сеніп тапсырған тұлғаларды қоса, қызметтерді жеткізушілерге;
 - 3) Банктің құқықтарын немесе міндеттемелерін кез келген нақты немесе әлеуетті иеленушілеріне;
 - 4) кез келген кепілгерге, кепіл берушіге немесе Клиенттің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін үшінші тарапқа;
 - 5) кепілгерлік мақсатымен шығатын үшінші тараптың кез келген сұрау салуына жауап;
 - 6) Банктің мүддесінде әрекет жасайтын кез келген адвокаттарға, бухгалтерлерге немесе басқа кәсіби консультанттарға және/немесе агенттер мен тәуелсіз мердігерлерге;
 - 7) кез келген юрисдикциядағы реттеуші, салық немесе басқа үкімет органына;
 - 8) Банктің пікірінше оларға ақпарат беру Банктің өзіне тиімді болатын басқа тұлғаларға.
106. Ақпаратты жария етудің нәтижесінде келтірілген залал немесе зиян, кез келген шығындар болған жағдайда Клиент Банкке қандай да бір наразылықтар білдірмейді және кез келген талап-арыз жасаудан бас тартады.
